

Мемлекеттік рәміздер жөніндегі республикалық комиссия қызметінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір өкімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 30 мамырдағы N 549 Өкімі. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 29 тамыздағы № 312 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 29.08.2016 № 312 Жарлығымен.

Президент пен Үкімет
актілерінің жинағында
(ПҰАЖ) жариялануға тиіс

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер жөніндегі республикалық комиссияның қызметін жандандырып, мемлекеттік рәміздерді қолдану және насихаттау жұмыстарын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің мынадай өкімдеріне өзгерістер енгізілсін:

1) "Мемлекеттік нышандар жөніндегі республикалық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 2 шілдедегі N 3578 өкіміне (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 30, 268-құжат; 2001 ж., N 23, 282-құжат; 2002 ж. N 42, 415-құжат; 2003 ж., N 35, 347-құжат):

жоғарыда аталған өкіммен бекітілген Мемлекеттік рәміздер жөніндегі республикалық комиссия туралы ереженің 11-тармағындағы "қоғамдық келісім" деген сөздер "спорт" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) "Мемлекеттік рәміздер жөніндегі республикалық комиссияның құрамын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 15 шілдедегі N 58 өкіміне (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., N 23, 282-құжат; 2002 ж., N 42, 415-құжат; 2003 ж., N 35, 347-құжат; 2004 ж., N 21, 266-құжат):

жоғарыда аталған өкіммен бекітілген Мемлекеттік рәміздер жөніндегі республикалық комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Қосыбаев	- Қазақстан Республикасы Мәдениет,
Есетжан Мұратұлы	ақпарат және спорт министрі, Комиссия төрағасының орынбасары,
Досжан	- Қазақстан Республикасы Мәдениет,
Ардақ Дүкенбайұлы	ақпарат және спорт вице-министрі, Комиссия хатшысы,

Тасболатов - Қазақстан Республикасы Қорғаныс
Абай Бөлікбайұлы министрінің орынбасары,
Өскімбаев - Қазақстан Республикасы
Қажымұрат Бейісұлы Ішкі істер вице-министрі,
Омаров - "Қазақпарат" ұлттық компаниясы"
Жанай Мұратұлы АҚ президенті (келісім бойынша);

мына жолдар:

"Кәлетаев - Қазақстан Республикасы Президентінің
Дархан Аманұлы Әкімшілігі Ішкі саясаты басқармасының
Әлеуметтік-саяси бөлімінің меңгерушісі,
Комиссия төрағасының орынбасары",

"Тоқсейітов - Астана қаласы Суретшілер одағы
Марат Төлегенұлы басқармасының төрағасы
(келісім бойынша)"

тиісінше мынадай редакцияда жазылсын:

"Кәлетаев - Қазақстан Республикасы
Дархан Аманұлы Президенті Әкімшілігінің Әлеуметтік-
саяси бөлімінің меңгерушісі",

"Тоқсейітов - Астана қаласы Суретшілер одағының
Марат Төлегенұлы мүшесі (келісім бойынша)";

Комиссия құрамынан О.Г.Рябченко, Ғ.М.Шалахметов шығарылсын.

Қазақстан Республикасының

Президенті